




1 сынып

1. Әріптер цифрларды білдіретін мына өрнектің ең үлкен мүкін мәнін табыңдар (бірдей әріптермен бірдей цифрлар, әртүрлі әріптермен әртүрлі цифрлар белгіленген):

$$F+E+E+M+M+M+O+O+O+O=?$$

2. Қазір 2021 жыл. Бұл санның жазылуында 0, 1 және 2 үш көрші цифрлар қолданылады. Келесі қай жылдың жазылуында осындай қасиет болады?
3. Асланның 10 таяқшасы бар. Ол үшеуін қақ бөлді. Енді онда қанша таяқша бар?
4. Суретте неше квадрат бар?




5. Қатарда 23 сан тұр, олардың кез келген көршілес екеуінің қосындысы 17 тең. Екінші сан 6 тең. Соңғы сан неге тең?
6. Төрт дос аптаның қай күні екенін анықтады.
Фархад: «Алдың күні жексенбі болды» деді.
Ержан: «Арғы күні бейсенбі болады» деді.
Мағжан: «Кеше дүйсенбі болды» деді.
Олжас: «Бүгін сәрсенбі» деді. Олардың біреуі қателесті. Қайсысы?
7. Дәурен мен әпкесінің жастары 16 жыл. Ал Дәурен мен ағасының жастары 5 жылға артық. Егер ағасы қазір 12 жаста болса, әпкесі нешеде?
8. Алуа қарындаш пен қалам алғысы келді. Қолындағы ақшасына ол 24 қарындаш пен 12 қалам ала алады. Ол қарындаш пен қаламның санын тең етіп алғысы келді. Бұл қандай сан?
9. Амир мен Аңсар поездда саяхаттап келеді. Амир поездың басынан санағанда он жетінші вагонда, ал Аңсар соңынан санағанда он төртінші вагонда келе жатыр. Сөйтсе, олар бір вагонда келе жатыр екен. Поезда қанша вагон болған?
10. Ойын кубигінде кез келген екі қарама-қарсы жақтарындағы нүктелердің жалпы саны 7. Жазира осындай 3 кубикті баған түрінде желімдеп, барлық сыртқы жақтарындағы нүктелердің жалпы санын санады. Ең көп болғанда бұл қандай сан бола алады?



2 сынып

1. Суретте қанша үшбұрыш бар?



2. Сымның бөлігінен қабырғасы 9 см болатын квадрат жасады. Сосын сымды жазып, одан қабырғалары бірдей үшбұрыш жасады. Үшбұрыштың қабырғасы қаншаға тең?
3. Кешегі **12.12.21** күн ретінің жазылуында 1 мен 2 цифрлары ғана қолданылады. Осы жылдың қанша күнін тек осы цифрлар арқылы жазуға болады?
4. Төрт дос аптаның қай күні екенін анықтады.
Фархад: «Алдыңкүні жексенбі болды» деді.
Ержан: «Арғыкүні бейсенбі болады» деді.
Мағжан: «Кеше дүйсенбі болды» деді.
Олжас: «Бүгін сәрсенбі» деді. Олардың біреуі қателесті. Қайсысы?
5. 6 қалта сүт пен 2 балмұздақ үшін 28 доллар төледі. Сүттің бір пакеті балмұздақтан 2 долларға қымбат болса, оның бағасы қанша?
6. Арсен мектеп асханасында пісірілетін тоқашты қатты жақсы көреді. Дамир барлық тоқаштың жартысын жеп қойды, сосын аспаз Арсенге екі тоқаш алып қалды. Сосын Айдана келіп, қалған тоқаштардың жартысын жеді. Сонда аспаз Арсенге тағы үш тоқаш алып қойды, сонда тоқаштар таусылды. Бастапқыда қанша тоқаш болған?
7. Нұр-Сұлтан қаласындағы жаздық лагерьге Алматыдан 220 оқушы келді. Лагерьде 120 ұл болды, оның 45-і алматылықтар болды. Нұр-Сұлтаннан келгендердің ішінде 53 қыз болды. Алматыдан қанша қыз келген?
8. Вагон терезесінен қарап отырған бала телеграф бағандарын санай бастады. Ол 9 бағанды санады. Бағандардың арасы 40 м болса, поезд осы уақытта қандай қашықтықты жүріп өтті?
9. Анасының жасы қызынан 4 есе үлкен, ал бірге есептесе 480 ай. Анасы қазір нешеде?
10. Үштаңбалы сан 5 цифрынан басталады. Бұл цифрды санның соңына қойды. Алынған сан бастапқы саннан 288-ге кем болды. Осы санның цифрларының қосындысы неге тең?




3 сынып

1. Бесқабатты үйде Арман Әсеттен жоғары, Ұланнан төмен тұрады, ал Самат Әсеттен төмен тұрады. Егер Самат екінші қабатта тұрса, онда Арман қай қабатта тұрады?
2. Егіздер Айман мен Шолпан сенбі күні екеуі де өтірік айтады. Қалған күндері біреуі өтірік айтса, екіншісі шындықты айтады. Айман: «Бүгін сенбі» деді. Шолпан: «Сенбі кеше болған» деп жауап берді. Бүгін аптаның қай күні?
3. Үш үшем қыз бір-бір үштаңбалы саннан ойлады, ал олардың ағасы төрттаңбалы сан ойлады. Олар өздерінің ойлаған сандарын қандай-да бір ретпен бір қатарға жазып шыққанда, 5041202010215 саны шықты. Ағасының ойлаған санын табындар.
4. Вагон терезесінен қарап отырған Айдар телеграф бағандарын санап бастады. Ол 13 бағанды санады. Бағандардың арасы 50 м болса, поезд осы уақытта қандай қашықтықты жүріп өтті?
5. 4 жылдан кейін Азамат 4 жылдан бұрынғы жасынан 2 есе үлкен болады. Ол қазір нешеде?
6. Туған күнінен бір аптадан кейін Сұлтанға көкесі ақша берді, Сұлтан оны жинақ сандықшасына салып қойды. Бұдан кейін әр апта сайын Сұлтан өзінің жинақ сандықшасына 3 доллардан салып отырды. Өзінің туған күнінен кейінгі тоғызыншы аптаның соңында Сұлтанның ақшасы көкесінің бергенінен үш есе артық болды. Тоғызыншы аптаның соңында Сұлтанға қанша доллар болды?
7. Арсен мектеп асханасында пісірілетін тоқашты қатты жақсы көреді. Дамир барлық тоқаштың жартысын жеп қойды, сосын аспаз Арсенге екі тоқаш алып қалды. Содан кейін Айдана келіп, қалған тоқаштардың жартысын жеді. Аспаз Арсенге тағы үш тоқаш алып қойды, сонда тоқаштар таусылды. Бастапқыда қанша тоқаш болған?
8. Ребусты шешіндер:

$$FEMO + FE + M + O = 2021$$

О әрпінің астында қандай сан жасырынған?

9. Үш жәшіктегі алмалар саны бірдей. Егер әр жәшіктен 60 алмадан алса, онда барлық жәшіктердегі алмалар саны бұрынғы бір жәшіктегі алмалар санымен бірдей болды. Әр жәшікте қанша алмадан болған?
10. Алуа бірдей 32 кубиктен квадрат участокқа қоршау жасады (бұл қоршаудың бір бөлігі суретте көрсетілген). Қоршалған уастокты толтыру үшін тағы қанша кубик керек?





4 сынып

1. Үш үшем қыз бір-бір ұштаңбалы саннан ойлады, ал олардың ағасы төрттаңбалы сан ойлады. Олар өздерінің ойлаған сандарын қандай-да бір ретпен бір қатарға жазып шыққанда, 5041202010215 саны шықты. Ағасының ойлаған санын табындар.
2. Амир мен Аңсар пойызда саяхаттап келеді. Амир пойыздың басынан санағанда он жетінші вагонда, ал Аңсар соңынан санағанда он төртінші вагонда келе жатыр. Сөйтсе, олар бір вагонда келе жатыр екен. Пойызда қанша вагон болған?
3. Көп балалы отбасында ұлдар көп, қыз жалғыз ғана. Бір күні ол өзінің жасы інілерінің жастарының қосындысына тең екенін байқады. Үш жылдан кейін ол өзінің жасы осы қосындыдан 12 жылға кем екеніне таң қалды. Отбасында қанша бала бар?
4. Туған күнінен бір аптадан кейін Сұлтанға көкесі ақша берді, Сұлтан оны жинақ сандықшасына салып қойды. Бұдан кейін әр апта сайын Сұлтан өзінің жинақ сандықшасына 3 доллардан салып отырды. Өзінің туған күнінен кейінгі тоғызыншы аптаның соңында Сұлтанның ақшасы көкесінің бергенінен үш есе артық болды. Тоғызыншы аптаның соңында Сұлтанда қанша доллар болды?
5. Ребусты шешіндер:

$$FEMO + FE + M + O = 2021$$

О әрпінің астында қандай сан жасырынған?

6. Алуа бірдей 40 кубиктен квадрат участкаға қоршау жасады (бұл қоршаудың бір бөлігі суретте көрсетілген). Қоршалған уастанқты толтыру үшін тағы қанша кубик керек?



7. 1 өшіргіш пен 2 қарындаш 148 теңге тұрады. 2 өшіргіш пен 1 қарындаш 122 теңге тұрады. Өшіргіш пен қарындаштан тұратын комплект қанша тұрады?
8. Алғашқы үш цифрының қосындысы 4-ке тең, ал соңғы үш цифрының қосындысы 9-ға тең төрттаңбалы сандар нешеу?
9. Аралда шыншылдар мен өтірікшілер тұрады. Өтірікшілер әрдайым өтірік айтады, ал шыншылдар әрдайым шындықты айтады. Дөңгелек стол басында 30 абориген (шыншылдар мен өтірікшілер) отыр. Олардың әрқайсысы: «Менің екі көршім де - өтірікшілер» деді. Қатар отырған барлық жұптардың ішінде 4 жұп өтірікші-өтірікші екені анықталды. Стол басындағы шыншылдар санын табындар.
10. Аңсар мен Амир бір-біріне қарама-қарсы шықты, сол мезгілде Аңсардың күшігі Амирге қарсы жүгірді. Ол Амирге жеткенде кері бұрылып, Аңсарға қарай жүгірді. Олар кездескенше күшік арасында осылай жүгіріп жүрді. Егер Аңсар, Амир және күшіктің жылдамдықтары 4 км/сағ, 6 км/сағ және 9 км/сағ болса, ал Аңсар мен Амирдің бастапқы арақашықтығы 10 км болса, күшік қанша километр жүгірді?

**5 сынып**

1. Ребусты шешіңдер:

$$FEMO + FE + M + O = 2021$$

О әрпінің астында қандай сан жасырынған?

2. Көп балалы отбасында ұлдар көп, қыз жалғыз ғана. Бір күні ол өзінің жасы інілерінің жастарының қосындысына тең екенін байқады. Үш жылдан кейін ол өзінің жасы осы қосындыдан 12 жылға кем екеніне таң қалды. Отбасында қанша бала бар?
3. Цифрлары әртүрлі үш таңбалы санға мынадай екі тұжырым айтылды: «Бұл санның ең болмағанда бір цифры 3-ке еселі», «Бұл санда бестік және жетілік бар». Қандай үлкен сан үшін екі тұжырым да орындалмайды?
4. 2000 мен 2500 сандарының арасында цифрлары әртүрлі және цифрлары өсу ретімен орналасқан неше бүтін сан бар? (Мысалы, 2347)
5. $a * b$ амалы $a + 2b$ білдіретін болсын. Егер $3 * (5 * x) = 21$ болса, x мәнін табыңдар. Предположим, что $a * b$ означает $a + 2b$. Каково значение x , если

$$3 * (5 * x) = 21.$$

6. 1 өшіргіш, 2 қарындаш және 3 блокнот 238 теңге тұрады. 3 өшіргіш, 2 қарындаш және 1 блокнот 322 теңге тұрады. Өшіргіш, қарындаш және блокноттан тұратын комплект қанша тұрады?
7. Аралда шыншылдар мен өтірікшілер тұрады. Өтірікшілер әрдайым өтірік айтады, ал шыншылдар әрдайым шындықты айтады. Дөңгелек стол басында 30 абориген (шыншылдар мен өтірікшілер) отыр. Олардың әрқайсысы: «Менің екі көршім де - өтірікшілер» деді. Қатар отырған барлық жұптардың ішінде 4 жұп өтірікші-өтірікші екені анықталды. Стол басындағы шыншылдар санын табыңдар.
8. Банк картасының құпиясөзі 0 мен 9 арасындағы төрт цифрдан тұрады, цифрлар қайталануы мүмкін. Ринатқа құпиясөзде тек 0 мен 5 арасындағы цифрлар болғаны ұнамайды, онда Ринатқа банк картасы үшін қанша құпиясөз құрастыруға болады?
9. Нұр-Сұлтан мен Қарағанды қалаларының арасындағы 240 км-ді жүріп өту үшін Дамир автобуспен жарты сағат және пойызбен екі сағат жүрді. Пойыз жылдамдығы автобуска қарағанда 20 км/сағ артық. Автобус пен пойыз тұрақты жылдамдықпен жүреді. Автобустың жылдамдығын табыңдар.
10. Тіктөртбұрыш 6 квадраттан тұрады. Ең кіші квадраттың қабырғасы 2 см. Берілген тіктөртбұрыштың ауданын табыңдар.

